



**«ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ЖОҒАРЫ
ОҚУ ОРНЫНЫҢ РӨЛІ:
«УНИВЕРСИТЕТ 4.0 МОДЕЛІНЕ КӨШУ» атты
48-ші халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

2018 жылдың 18-19 қаңтары

2-том

МАТЕРИАЛЫ
48-ой научно-методической конференции
**«РОЛЬ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ В МОДЕРНИЗАЦИИ
ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ: ПЕРЕХОД К МОДЕЛИ
«УНИВЕРСИТЕТ 4.0»**

18-19 января 2018 года

Том 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ұйымдардың қызметін үйлестіру қарастырылады. Адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылатын жағдайда шикізаттың, өнімнің химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, пайдалануға тиым салынады [2].

Қоғамдық денсаулық сақтау Комитетінің негізгі жұмыстарының біріне ауыз сумен қамтамасыз ету жағдайын ұйымдастыру және бақылау, ауыз суға зертханалық-өндірістік бақылау жүргізу, қоршаған ортаның (ауыз су, топырақ, ауа) химиялық, микробиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін зертханалық зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз ету жатады.

Қоғамдық денсаулық сақтау Комитетінің негізгі жұмысының бірі – ол тұрғындарға аурудың алдын алу мақсатында санитарлық ағарту жұмыстарын жоғары дәрежеде жүргізу. Жалпы ақпарат құралдары арқылы зиянды әрекеттердің, яғни темекі, есірткі, арақтың адам денсаулығына зияндылығы болатындығын әр түрлі роликтер арқылы беріп отыру. Өскелең ұрпаққа мектеп қабырғасынан бастап, зиянды әдеттердің денсаулыққа тигізетін зардабын жетік түсіндіру де Қоғамдық денсаулық сақтау қызметінің міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 30 мамырдағы №414 бұйрығы «Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімдердің тізбесі» құжаты бойынша Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізіміне: балалар сүт ас үйлері; балалардың сауықтыру және санаториялық объектілері, барлық түрдегі және типтегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдары, «мектеп-балалар бақшасы» кешені; балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу ұйымдары және олардың тұратын орындары, барлық түрдегі және типтегі интернат мамандандырылған білім беру ұйымдары; арнайы және түзету тәрбиелеу және білім беру ұйымдары; ұйымдастырылған ұжымдардағы (мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдары, интернат ұйымдары, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, вахталық кенттер, құрылыс алаңдары, өнеркәсіптік және басқа да объектілердегі) қоғамдық тамақтану және сауда объектілері; денсаулық сақтау ұйымдары; көліктегі (теміржол, су, әуе және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілері, борттық тамақтану объектілері; көлік құралдары (теміржол, су, әуе) және жолаушыларды, қауіпті заттарды тасымалдау ұйымдары; радиациялық қауіпті объектілер; химиялық заттар мен өнімдерді, агрохимикаттарды және пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қоймалар; спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, спорт-сауықтыру бассейндері, сыйымдылығы 20 орыннан асатын моншалар мен сауналар; сауықтыру және санаторлық объектілер; су қоймалары, демалыс орындары; су көздері, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін су жинау орындары; қызмет көрсететін халқының саны 2 мың адамнан асатын орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері; орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері; санитариялық-сауықтыру ұйымдары, демалыс базалары мен орындары; зертханалардың барлық түрлері, әр түрлі тағам объектілері жатады [3].

2017 ж. бакалавриат бойынша 5B110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» оқу бағдарламасының Мемлекеттік Стандарты шыққаннан кейін 5B110400 «медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша, осы мамандықта оқып жатқан студенттерді қоғамдық денсаулық сақтау мамандығына ауыстырды. 5B110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының оқу жылы 5 жылдан 4 жылға қысқарды. Осы стандарт бойынша міндетті профильдік пәндерге: қоғамдық денсаулық сақтау және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау пәндері жатады. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау пәніне 2 кредит қарастырылған. Бұл пәнде коммуналдық гигиена, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, тағам гигиенасы, еңбек гигиенасы пәндерінің мазмұны мен мәні, Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау туралы, үнделікті және сақтық санитарлық бақылау, мақсаты мен міндеті туралы, санитарлық қызметтің есеп беру-тіркеу құжаттары, санитарлық-гигиеналық зерттеулер әдістері, санитарлық қызмет жұмысын ұйымдастыру, әр түрлі тұрғын топтар арасында тамақтануды ұйымдастырудың гигиеналық талаптары туралы беріледі [4]. 5B110400 «Медико-профилактикалық іс» мамандығы бойынша мемлекеттік стандартта профильдік пәндер – гигиена пәндеріне, яғни коммуналдық гигиена, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, еңбек гигиенасы, тағам гигиенасының әр қайсысына 8 кредиттен берілген [5]. Осы стандарттарды салыстырар болсақ, 32 кредитте берілетін сабақ материалдарын 2 кредитке қысқартудың өзі өте үлкен қиындық туғызады. Бұл қиындықтан шығу үшін, жұмыс оқу бағдарламасын жасаған кезде, осы пәндерді таңдау пәні ретінде оқыту міндетті болып табылады. Негізінен таңдау пәндерін жұмыс-оқу жоспарына енгізуді әр жоғарғы оқу орны өздері шешеді. Сондықтан кәсіптік бағдарламаларды толық қалыптастыру мақсатында таңдау пәндерді қарастыру кезінде жан-жақты, толық ешбір жасаған дұрыс деп есептейміз.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласының негізгі міндеті – аурулардың алдын алу, тұрғындардың денсаулығын жақсарту және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сондықтан, осы саланың жұмыстарын жандандыруда білікті де, білімді мамандар даярлау біздің тікелей міндетіміз болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, 2016. – Б.2-3.
2. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті туралы ереже». – №56-бұйрық. – 6.03. 2017. – 2-6 б.
3. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімдердің тізбесі. – №414 бұйрық. – 30.05.2015. – 1-3 б.
4. МЖББС 5В110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау». – 2017.
5. МЖББС 5В110400 «Медико-профилактикалық іс». – 2012.

АСҚАРОВА Ә.С., БӨЛЕГЕНОВА С.Ә., БӨЛЕГЕНОВА С.Ә., ШОРТАНБАЕВА Ж.К., ОСПАНОВА Ш.С., РАХАТ Б., ЧИГАМБАЕВА Н.Н. SMART ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ

Аңдатпа. Берілген мақалада Smart-education жүйесін енгізу білім беру ұйымдарына басқару қызметін тиімділігін арттыруға, кадрларды даярлау саласында технологиялық шешімдерді дұрыс таңдауға мүмкіндік беретіндігі туралы, инновациялық білім беру технологияларын енгізу саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау үшін қаржылық және уақыттық шығындарды едәуір қысқартатындығы туралы сөз қозғалған.

Түйін сөздері: Smart-education, Smart Campus, smart білім беру, интеллектуалды технологиялар.

Білім беру жүйесі әлеуметтік рөлі бойынша ең консервативті институттардың бірі болып табылады. Бұл қоғамның әр мүшесінің тағдырының жоғары деңгейдегі жауапкершілігімен, оның кәсіби сәйкестігі және еңбек нарығында сұранысқа ие болуымен түсіндіріледі. Сондықтан білім беру жүйесі қоғамның жаңа мүшелерінің тәуелсіз өмірге шығу кезіндегі өзекті білім және әлеуметтік бейімделудің бастапқы деңгейін қамтамасыз етуде дәстүрлі түрде мамандарды ұзақ мерзімге дайындауды жоспарлауға мәжбүр.

Зияткерлік қоғам университеттер алдына жаңа ғаламдық міндет қояды: шығармашылық әлеуетке ие, жаңа әлемде ойлай және жұмыс істей алатын мамандар даярлау. Бұл үшін оларды жаңа практикалық дағдыларға үйрету керек: әлеуметтік желілерде сөйлесу, пайдалы ақпаратты таңдау, электронды дереккөздермен жұмыс істеу, оқу үрдісінің сипатын өзгертуді талап ететін жеке білім базаларын құру [1]. Smart – университеттер концепциясының құрылымы әр елде әр түрлі қарастырылады, алайда барлық жағдайда жаңа типтегі қоғам шарттарына қызығушылық танытқан тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа тиімділіктер ретінде төмендейді.

Smart университет: интерактивті білім ортасында оқыту икемділігін; – оқытуды дербестендіру және бейімдеу; – бүкіл әлем бойынша контентке еркін қол жеткізуді көздейді. Smart оқыту студенттерге жүйелі көп қолданысты көрініс пен пәннің көп аспектілерін ескере отырып және мазмұнының үздіксіз жаңаруы негізінде кәсіби құзыреттерді игерумен, технологиялық инновациялар және Интернеттің қолданылуымен жүзеге асырылады. SMART оқыту университетте тыңдаушы өміріне максималды түрде қосылған, ресми емес сипаға ие болуы керек, сондай-ақ, бүгін де барлығын әдеттегі болған технологияларға негізделуі керек. Ағымдағы өзгерістерге және SMART студенттерінің өскелең талаптарына сәйкес болу үшін университеттер төмендегі талаптарға сай болуы керек: икемділік, бейімделу, сапа көрсеткіштері, инновациялар [2].

Білім берудегі Smart технологиялар маңызды мәнге ие, бір жағынан, материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін университеттің шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді, екінші жағынан, білім беру қызметтері мен өнімдердің сапасын жаңа деңгейге көтереді.

ЖОО заманауи шарттағы тапсырмасы – студенттерге өз заманының ең прогрессивтік идеялары мен мәдениеті деңгейінде өмір сүруді үйрету, өз бетінше білім алу үшін жаңа білім мен дағдыларды үздіксіз игеру жолдарын меңгеру, қажетті ақпаратты іздестіру дағдыларын меңгеру және кез-келген, кейбір біркелкі және қарама-қайшы деректермен жұмыс істеу, тәуелсіз дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Білім беру саласы бойынша бәсекелестіктің артуы жағдайында білім беруді енгізу дәстүрлі тәсілдерді өмірдің жаңа шынайылығына байланысты білім беру үдерісіне ұйымдастырылған басқаруға көтергендігіне қамтамасыз етуі тиіс. Бұл бағытта алғашқы және ең қарапайым қадам – оқытудың

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Абдурақын Нұрхалық ЖАРЫСПАЛЫ АУДАРМА МЕТОДИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	3
Абишева А.К. ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И ПРОБЛЕМА СОХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ.....	6
Адилбаева У.Б. ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ МАГИСТРАНТОВ.....	8
Ақбаров А. ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА В МНОГОЯЗЫЧНЫХ ОБЩЕСТВАХ: ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ	11
Ақымбек С.Ш. ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ ЖӘНЕ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ МЕН ТРАНСКРИПЦИЯ МӘСЕЛЕСІ	16
Алиева М.Е., Мукашев К.М., Мурадов А.Д., Яр-Мухамедова Г.Ш. МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИЗЛОЖЕНИЯ ВОЛНОВЫХ СВОЙСТВ И ПРОЦЕССОВ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ЧАСТИЦ И АНТИЧАСТИЦ НА ПРИМЕРЕ ПОЗИТРОНА И ЭЛЕКТРОНА .	19
Аликбаева М.Б. ЖАҒАНДЫҚ ЖАҒҒЫРУ АЯСЫНДА МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ БАСЫМДЫҚТАРЫ.....	26
Алимова Р.Т. ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУГЕ ҮЙРЕТУДЕГІ ШҚІРСАЙЫСТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ	28
Альжанова А.Б. ВОПРОСЫ ПЕРЕХОДА АЛФАВИТА НА ЛАТИНИЦУ	31
Амирова Ж.Р. ПОДГОТОВКА КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ КАДРОВ ПО ПРОГРАММАМ ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ, КУЛЬТУРНОГО И КОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ НА КАФЕДРЕ РУССКОЙ ФИЛОЛОГИИ И МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	33
Артықова Е.О., Ахмедова А.Н. ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘР ТҮРЛІ ӘДІСТЕМЕЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ... ..	36
Арынова Г.А., Даниярова А.Б. ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МАМАНДЫҒЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР.....	40
Асқарова Ә.С., Белегенова С.Ә., Белегенова С.Ә., Шортанбаева Ж.Қ., Оспанова Ш.С., Рахат Б., Чигамбаева Н.Н. SMART ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫ	42
Асрандина С.Ш., Атабасва С.Д., Алыбаева Р.А., Кенжебаева С.С. ЖОБАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ С.И. ОСПАНОВТЫҢ «АНТИПЛАГИАТТЫҚ-КУМУЛЯТИВТІК ӘДІСІ»	45
АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ	45
Атамбекова Г.К., Шайхынова М.Ж. УЧИТЕЛЬ – МАСТЕР ГУМАННОЙ ПЕДАГОГИКИ.....	49
Әбдіжәділқызы Ж. САПАЛЫ САБАҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫ.....	50
Әбелдаев Ж.Ә. «4.0 УНИВЕРСИТЕТ» РУХАНИ-АДАМГЕРІШЛІК МИССИЯСЫ: ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАРДЫ ЖАҒҒЫРТУ	52
Бағашаров Қ., Мұқан Н. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ЛАТЫН ӨЛПБІІ МӘСЕЛЕСІ	55
Байтенова Н.Ж. СОВРЕМЕННАЯ РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ И ПРОБЛЕМА РЕЛИГИОЗНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ МОЛОДЕЖИ.....	57
Бахтыбаева Л.К., Тауасарова М.К. СТУДЕНТЫ – ЭТО НАШЕ БУДУЩЕЕ	59
Бақтыбаева Л.К., Мирзалиева Д.Б., Үйсенбекова А.Е.	